

## ІСКЕРИ ДИСКУРС АУДАРМАСЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Хауменова Арина Нурлановна

[Khaumenova.arina@mail.ru](mailto:Khaumenova.arina@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Аударма ісі мамандығының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М. Қызырова., ә.ғ.к., доцент.

Адам баласының барлық іс-әрекеті бүгінгі күні қарым-қатынасқа негізделген. Соның бірі - іскери дискурс. Іскери дискурста, ағылшын және қазақ сынды екі түрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынас жағдайында бейвербалды амалдардың көрінісі қызығушылық тудырады. Бизнес дискурстың қарым-қатынас жағдайында мынадай түрлері көрініс табады: іскерісұқбат, іскери келіссөз, іскери отырыстар мен кездесулер т.б. Олар риторикалық жанрлар немесе сөйлеу жағдаятының риторикалық жанрлары деп те аталады [1, 24].

Іскери дискурс бірқатар зерттеушінің зерттеу нысанына ілінді, атап айтқанда: И.Н. Горелов, М.Л. Кнапп, А.А. Леонтьев, Т.А. Орлова, Ж.Рансьер, А.П. Садохин, И.Н. Соболев, Г.С. Асанова.

Іскери дискурсты арнайы қарастырған отандық зерттеуші Г.С.Асанова іскери дискурсты «бизнес саласында қатысы бар интерактанттар арасындағы байланыс», «өзіндік мәтіні, коммуникативтік жағдаяты қалыптасқан, оған қатысушылары бар ұғым; нақты бір коммуникативтік бизнес жағдаятқа негізделген және бизнеске қатысы бар белгілі бір интеракциялық топ адамдарының қарым-қатынасы» деп нақтылайды [2, 192].

Іскери дискурстағы қарым-қатынастың ерекше сипаты ретінде бейвербалды амалдар қарастырылады. Бұл тұрғыдан келгенде іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың берілу жолдарын арнайы қарастыру маңызды болып табылады. Бейвербалды коммуникацияны психологтар сыртқы, ауызша сөйлеуді қолданбай-ақ білдірілетін қарым-қатынастың барлық аспектілерін қамтитын жалпы термин ретінде анықтайды [3, 136].

Д.М. Акижанова өзінің зерттеу жұмысында іскери дискурста пайдаланылатын тілдік элементтерге қатысты мынадай пікір білдіреді: «Құрылымы жағынан қарастырғанда бизнес дискурсы аясында коммуниканттар мәлімдемелермен алмасады. Спонтанды сөйлеумен қатар, коммуникант өз мәлімдемесінде дайын фразаларды, дискурсивті формулаларды, прецедентті мәтіндерді, коммуникативтік стереотиптерді және т.б. құралдарды пайдаланады» [4].

А.П. Садохинның пайымдауынша, іскери қарым-қатынас үдерісіндегі ақпарат бейвербалды амалдар, символдар мен белгілердің жиынтығы арқылы жеткізіледі [5, 158]. Яғни іскери дискурс кеңістігінде бейвербалды амалдардың бейнеленуі аса маңызды.

Зерттеуші Альберт Мерабиан: «...қарым-қатынас жасау барысында біздің не айтатындығымыз (7%) оны қалай айтатындығымыз (38%) және оны не арқылы жеткізетіндігіміз (қимыл) – (55%) аса маңызды екендігін атап көрсетеді [6, 7].

Дей тұрғанмен, іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың берілуі, тілаларлық жеткізілу сипаты арнайы ғылыми еңбектерде танылмаған.

Зерттеу мақаламыздың мақсаты – ағылшын мәдениетіндегі бейвербалды коммуникация құралдарының ерекшелігін сипаттай отырып, олардың ұлттық тілге жеткізілу жолдарын анықтау.

Зерттеудің дереккөзі ретінде «Наполи» командасының бас бапкерінің «Спартак» командасымен кездесуі, Ресей Федерациясы Президенті В.В. Путиннің 2020 жылы берген пресс-конференциясы, 2017 жылы Ақ үйде британдық делегациясының Дональд Трамппен кездесуі,

1992 жылы Джордж Буштың Австралияға барған ресми сапары және Барак Обаманың Ақ үйдегі сөзі, Хельсинкидегі Д. Трамп пен В.В. Путиннің іскери кездесуі секілді ақпарат құралдары алынды.

Іскери қарым-қатынастағы қатысушылар үшін бейвербалды қарым-қатынас құралдарының мәні оның функциясының маңыздылығымен анықталады: біріншіден, бейвербалды қарым-қатынастың негізі - бұл қарым-қатынастағы сөздерді пайдаланбай алмасатын ақпарат, яғни бейвербалды құралдар қарым-қатынасты ауыстыру немесе толықтыру функциясын орындайды; екіншіден, іскерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың эмоционалды жағдайларын білдіреді; үшіншіден, бейвербалды қарым-қатынас құралдары ауызша қарым-қатынастың мазмұнын түсінуді күшейту және түзету үшін; төртіншіден, олар іскерлік қарым-қатынастың эмоционалды аспектісінің оңтайлы деңгейін қолдайды; бесіншіден, іскерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың позицияларының мәртебесін көрсетеді; алтыншыдан, іскери қарым-қатынас үдерісінде ауызша байланыс құралдарын қолдану әсерін күшейтеді [7, 54]. Яғни іскери дискурста әңгімені жалғастыру үшін сөздерді алмастыратын белгілер жиі қолданылады, мысалы: ым-ишара, дене қалпын өзгерту, біреуге қол тигізу, бас изеу, көзқарас, интонация немесе дененің еңкеюі. Бейвербалды әрекет ауызша хабарламаны қайталауы мүмкін: тынышырақ сөйлеуді сұрау, содан кейін сұқ саусақты ерінге тигізу.

Іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың берілу әдістері ғылымда мынадай түрлерге жіктеліп талданады:

1. Іскери сөйлеудің кинесикалық құралдары,
2. Просодикалық және экстралингвистикалық құралдары,
3. Такесикалық құралдар,
4. Проксемикалық құралдар [8, 138].

Іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың берілу әдістерін қарастыру барысында біз ғылымдағы осы жіктеулерді басшылыққа ала отырып, талдау жүргіземіз.

1. Іскери дискурстың кинесикалық құралдарын шартты түрде іштей екіге бөліп қарастырамыз:

- экспрессивті айқын қозғалыс (ым, мінез-құлық, дене тұрысы);
- визуалды байланыс (көру бағыты, контактiнiң ұзақтығы немесе контактiдегі кiдiрiс, байланыс жиiлiгi).

Мысалы 1992 жылы АҚШ-тың экс-президенті Джордж Буштың Австралияға барған ресми сапарын және Барак Обаманың Ақ үйдегі сөзін талдасақ:

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
In 1992, President George W. Bush paid an official visit to Australia and used the famous "V" - <i>two fingers spread</i> - gesture, which in the United States, Great Britain and most countries of the world symbolizes victory. However, in Australia, this gesture is taboo, since it means the same thing as in the United States - a raised middle finger [9, 01.12.2018].	1992 жылы президент Джордж Буш Австралияға ресми сапармен барып, әйгілі «V» қимылын - Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбританияда және әлемнің көптеген елдерінде жеңісті білдіретін екі саусақты қолданды. Алайда, Австралияда бұл қимылға тыйым салынған, өйткені бұл Америка Құрама Штаттарындағы сияқты - ортаңғы саусақты білдіреді [10, 12.12.2018].

But it was his epic conclusion that had everyone in a celebratory frenzy. At the end of his reminiscent speech, Obama closed, “With that I just have two more words to say: Obama out,” <i>proceeding to drop the mic</i> in the most composed way possible [11, 01.05.2016].	Бірақ бұл оның тұжырымы болды, барлығы мерекелік наразылыққа әкелді. Есте қаларлық сөзінің соңында Обама: «Осы кезде мен тағы екі сөз айтқым келеді: Обама кетті» деп өз сөзін аяқтады және микрофонды барынша ұстамды түрде <i>түсіруді</i> жалғастырды [12, 01.05.2016].
---	--

Бірінші мысалды талдайтын болсақ, Австралияға барған ресми сапарында Джордж Буш «V» қимылын пайдаланған болатын, жалпы бұл «V» ым-ишарасы АҚШ пен Ұлыбританияда «бейбітшілік» (ағылшын тілінде - peace) деген белгіні білдіреді, алайда мысалда көрсетілгендей, кейбір мемлекетте, атап айтқанда Австралияда бұл қимыл АҚШ-тағы «ортаңғы саусақпен» бірдей мағынаны білдіреді. Бұл орайда Джордж Буш екі мәдениет арасындағы айырмашылықты білмей, іскери сөйлеудің кинесикалық құралын кері пайдаланғаны байқалады.

Екінші мысалға назар аударсақ, Барак Обаманың қызметінен кету алдындағы болған Ақ үйдегі соңғы сөзі микрофонды жерге тастаумен аяқталған. Оның негізгі ойы барлығының шегі болады деп түсіндіріледі. Сөзін қорытындылап, микрофонды төмен ұстап тастауында экспрессивті айқын қозғалыс орын алғанын байқаймыз. Обаманың бұл іскери дискурстағы танытқан дене тілі ұлттық тілге түсінікті, адекватты аударылған деп тануға болады. Адекваттылыққа жетуде аудармашыға нақтылау әдісі көмектесіп тұр.

Хельсинкидегі Д. Трамп пен В.В. Путиннің іскери кездесуі:

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
Journalists, who traditionally pay great attention to the nonverbal signals of politicians - their facial expressions and gestures - also discussed with great interest how to describe the facial expression with which Trump entered the presidential palace [13, 16.07.2018].	Дәстүрлі түрде саясаткерлердің бейвербалды сигналдарына - олардың бет - әлпеті мен ым-ишараларына көп көңіл бөлетін журналистер Трампың президент сарайына кірген бет-әлпетін қалай суреттеуге болатындығын үлкен қызығушылықпен талқылады [14, 16.07.2018].
“Most foreign journalists sent to Helsinki to cover the meeting of Russian and US Presidents Vladimir Putin and Donald Trump are sure that the head of the American administration winked at his Russian counterpart during the minutes of the meeting” [13, 16.07.2018].	Ресей және АҚШ президенттері Владимир Путин мен Дональд Трампың кездесуін жариялау мақсатында Хельсинкиге жіберілген шетелдік журналистердің көпшілігі Америка әкімшілігі басшысының кездесу кезінде ресейлік әріптесіне <i>көзін қысты</i> дегеніне сенімді [14, 16.07.2018].

2018 жылы Хельсинки қаласында өткен Д. Трамп пен В.В. Путиннің іскери кездесуі кезінде, Д. Трампың ресейлік әріптесіне көзін қысуы іскери дискурстың кинесикалық құралының, оның ішінде визуалды байланыс орнатқанын танытады. «Donald Trump are sure that the head of the American administration *winked* at his Russian counterpart during the minutes of the meeting», «Дональд Трампың кездесуін жариялау мақсатында Хельсинкиге жіберілген шетелдік журналистердің көпшілігі Америка әкімшілігі басшысының кездесу кезінде ресейлік әріптесіне *көзін қысты* дегеніне сенімді», «Көз қысу» (ағылшынша - to wink) мағынасын береді. Аудармашы аударма толыққанды аударылу барысында жалпылау әдісін қолданған.

2. Просодикалық және экстралингвистикалық құралдарға мыналар жатады:

- дауыс екпіні, дыбыс деңгейі, тембр, кідіріс, күрсіну, күлкі, жылау, жөтел.

Мысалы 2017 жылы Ақ үйде британдық делегациясының Дональд Трамппен кездесу кезінде болған оқиғасын талдасақ:

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
<p>Trump shouted at National Security Adviser Mike Flynn Over Missed Putin call.</p> <p>"Like really shouted. This was at a formal dinner with butlers and fancy crockery and he was properly shouting at him down the table" [15, 27.08.2020].</p>	<p>Трамп Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Майк Флиннге Путиннен қабылданбаған қоңырауы үшін айғайлады. «Ол шынымен айқайлап жатқандай болды. Бұл сарай қызметшілерімен және сәнді ыдыс-аяқтармен бірге болған ресми кешкі ас кезінде болды - және ол үстелдің үстінде оған айқайлап тастады» [16, 30.08.2020].</p>

Дональд Трамп кездесу кезінде Майк Флиннге дауыс көтеріп айқайлағанын «He was properly shouting at him down the table» (Ол үстелдің үстінде оған айқайлап тастады) жұмсалымынан аңғаруға болады. Искери кездесу барысындағы бұл жайт аударма тіліне өзгеріспен жеткізілген. Қазақша нұсқасындағы «Трамп Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Майк Флиннге Путиннен қабылданбаған қоңырауы үшін айғайлады» аудармасы бұл жағдайда толық сәйкес келмейді, себебі түпнұсқада белгілі бір іс-қимыл, ұлттық тілге «айқайлады» деп емес, «дауыс көтерді» деп берілсе, аударма толыққанды және түсінікті болатынын байқаймыз. Аудармашы түпнұсқаны аудару барысында жалпылау әдісін қолданып аударманы ұлттық тілге дұрыс аудармаған. Біздің көзқарасымызша бұл әдісті екінші тілге беруде аудармашы нақтылау әдісін пайдаланса тиімді болар еді.

3. Такесикалық құралдарға дене мүшелерінің түйсінуі жатады:

- қол алысу, беттен сүйю, құшақтасу, арқасынан қағу секілді.

Искери дискурста орын алатын такесикалық амалдардың белсенді түрі – қол алысу. Басқа бейвербалды құралдарды қолданғаннан гөрі қол алысу түрінде серіктестердің мәртебелері анықталады.

Бұл ерекшелікке сәйкес қол алысудың формалары:

- қол жоғарыда, алақан төмен қаратылған, бұл әрекет кімнің қолында болса, сол адамға үстемдік етуді білдіреді;

- қол төменнен, алақан жоғары қаратылған болса, бұл кішіпейілділік позициясын көрсетеді;

- алақандар бірдей тік күйде болса, қол алысудың бұл түрі серіктестердің теңдігін танытады.

Мысалы 2021 жылғы қарашаның 24-інде өткізілген «Наполи – Спартак» футбол ойынынан кейінгі «Наполи» командасының бас бапкерінің сұхбатын талдайтын болсақ:

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
<p>Spalletti: 'I'll tell you why I didn't shake Rui Victoria's hand' [17, 24.11.2021].</p>	<p>Спаллетти: «Неге мен Руи Викториямен қол алыспағандымды айтамын» [18, 24.11.2021].</p>

Жоғарыдағы мысалда көрініс табатындай, «Наполи – Спартак» футбол ойыны басталмас бұрын «Наполи» командасының бас бапкерінің ренішін байқауға болады, ойын алдында қол алысуға үйренген бапкерлер осы жолы ойынды қол алысусыз, амандық-саулықсыз өткізгендігі аңғарылады. Мұнда Спаллетти қол алысуды сыйластықтың белгісі екендігін меңзейді. Сол себепті такесика амалы жиналыстарда, конференцияларда, тіпті ойынның басы мен аяғында кеңінен қолданылатынын көрсек болады. Спаллеттидің бұл іскери дискурстағы танытқан дене тілі ұлттық тілге оңтайлы, түсінікті аударылған деп табамыз. Сәтті аудармаға жету жолында аудармашы нақтылау тәсілін қолданған.

4. Проксемикалық құралдар адамдардың коммуникация үдерісіндегі ара қашықтықты және коммуникацияға түсушілердің бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдарын қамтиды:


- бұрыла қарау, шайқалып отыру және т.б.

Мысалы «Наполи» командасының бас бапкері Спаллеттидің футбол ойынынан кейінгі сұхбатын талдасақ:

Түпнұсқа тілінде	Аударма тілінде
<p>“He didn't greet me before the game,” Spalletti explained. “When you receive a guest you should greet him right away, not just at the end of the game after defeating him. We were <i>ten meters away</i> and he didn't greet me. In situations like this I'll always shake hands with the opposing coach” [19, 24.11.2021].</p>	<p>«Ол менімен ойын алдында сәлемдескен жоқ», - деп түсіндірді Спаллетти. «Сіз қонақты қабылдаған кезде, оны жеңгеннен кейін ғана емес, оны бірден қарсы алуыңыз керек. Біз <i>он метр қашықтықта</i> болдық, ол маған сәлем бермеді. Мұндай жағдайларда мен әрқашан қарсылас жаттықтырушымен қол алысамын» [20, 24.11.2021].</p>

Жоғарыда берілген мысалды талдайтын болсақ, «Наполи – Спартак» футбол ойыны барысында Спаллетти іскери дискурста орын алатын проксемикалық амалды қолданғанын байқаймыз. «*Ten meters away*» - «*Он метр қашықтықта*», Спаллеттидің бұл іскери дискурстағы дене тілінің аудармасын сәтті шыққан деуге болады. Мәнмәтіндегі проксемикалық амал трансформацияның нақтылау түрі арқылы берілген. Автор бұл әдісті ұтымды пайдалана алған деуге болады, себебі мәнмәтін қазақ тілді аудиторияға айтарлықтай жақын аударылған.

Жалпы іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың қолданысын қарастырғанда кинесикалық және такесикалық құралдардың басымдық танытатындығын аңғаруға болады. Ал бейвербалды амалдардың тіларалық берілуінде лексикалық трансформацияның жалпылау және нақтылау, әсіресе нақтылау әдісі (76%) белсенді жұмсалған деп табамыз (1-сурет).



Сурет 1 – Іскери дискурстағы бейвербалды амалдардың трансформациялану түрлері

Түйіндей келгенде, іскери дискурста белгілі бір стилистикалық нормалар мен сөйлеу әдеби және басқа да белгіленген ережелер сақталуы тиіс. Оның ішінде іскери дискурстың толыққанды жүзеге асырылуында бейвербалды амалдардың бейнелену, сонымен қатар бір тілден екінші тілге аударылу жайына аса мән беру бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі болып есептеледі.

Яғни іскери дискурста көрініс табатын бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени аспект тұрғысынан ескеріп отыру қажет, себебі мәдениетаралық іскери коммуникацияның сәтті өтуі ондағы тілдік қана емес, тілдік емес коммуникацияның да өз деңгейінде өтуіне тікелей байланысты. Іскери дискурс барысында бейвербалды амалдардың тіларалық берілуі, негізінен, лексикалық трансформацияның нақтылау әдісі арқылы жүзеге асырылады деуге болады. Бұл екі тілдің лексикалық құрылымындағы айырмашылықтарды өтеуге, мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерін сақтауға ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, мәтіннің мәдени компоненті мен дәлдігін жеткізуге мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 1 Анисимова Т.В. Типология жанров деловой речи (риторический аспект): автореф. ...док.филол.наук: 10.02.19. – Краснодар, 2000. – 24 с.
2. 2 Асанова Г.С. Іскери қарым-қатынастың табиғаты мен ерекшеліктері (ағылшын және қазақ тілдері материалдары бойынша):6D021000: док.PhD. ... дис. – Алматы, 2014. – 192 б.
3. 3 Дерік И, Чебаненко К. ЗАСОБИ РЕПРЕЗЕНТАЦІЇ НЕВЕРБАЛЬНИХ ЕЛЕМЕНТІВ МОВЛЕННЄВОГО ЕТИКЕТУ ПРИ ПЕРЕКЛАДІ ДІЛОВОГО ДИСКУРСУ. Науковий вісник ПНПУ ім. К. Д. Ушинського. 2020. № 31.
4. 4 Акижанова Д.М. «Бизнес дискурсындағы универсалды және мәдени нышанды тілдік бірліктер» диссертациясы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Б.136.
5. 5 Садохин А. П. Межкультурная коммуникация: учебное пособие. М., 2004. -158 с.
6. 6 Поволяева М.А., Рутер О.А. Невербальные средства общения.- Ростов-н/Д., 2004. — 352 с.
7. 7 Соболев В. И, Абросимова Е.Б. О деловом этикете, и не только... Нижний Новгород, 2013. - 54 с.
8. 8 Дерік И, Чебаненко К. ЗАСОБИ РЕПРЕЗЕНТАЦІЇ НЕВЕРБАЛЬНИХ ЕЛЕМЕНТІВ МОВЛЕННЄВОГО ЕТИКЕТУ ПРИ ПЕРЕКЛАДІ ДІЛОВОГО ДИСКУРСУ. Науковий вісник ПНПУ ім. К. Д. Ушинського. 2020. № 31
9. 9 The New York Times, link: <https://www.nytimes.com/2018/11/30/us/politics/george-hw-bush-dies.html>
10. <https://msal.ru/upload/kafedra/AY2/%D0%A3%D1%87%D0%B5%D0%B1%D0%BD%D0%B8%D0%BA%20%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D1%81%D1%83%D0%B4.%20%D1%8D%D0%BA%D1%81%D0%BF%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%BE%D0%B2.pdf>
11. 10 Америка дауысы. Голос Америки link: <https://www.golosameriki.com/a/ag-world-leaders-gaffes/2519271.html>
12. 11 Vibe, “The Mic Drop Seen Around The World: President Obama Ends Final WHCD With Epic Gesture”, link: <https://www.vibe.com/news/politics/barack-obama-mic-drop-419272/>
13. 12 Микрофонның түсуі - Mic drop Энциклопедия site:kk.wikisko.ru сілтемесі: [https://kk.wikisko.ru/wiki/Mic\\_drop](https://kk.wikisko.ru/wiki/Mic_drop)
14. 13 BBC News, “Trump sides with Russia against FBI at Helsinki summit”, link: <https://www.bbc.com/news/world-europe-44852812>
15. 14 Тасс, сілтемесі: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/5378145>
16. 15 Newsweek, “Trump Shouted at National Security Adviser Mike Flynn Over Missed Putin Call: U.K. Aide”, link: <https://www.newsweek.com/donald-trump-mike-flynn-vladimir-putin-nick-timothy-shouted-1528036>
17. 16 Lenta.kz, сілтемесі: <https://lenta.ru/news/2020/11/05/merdok/>
18. 17 PORTUGOAL.net, link: <https://portugoyal.net/portuguese-abroad/2348-europa-league-rui-vidal-defeats-spalletti-again-as-handshake-drama-takes-new-turn-video>
19. 18 Спорт трбк сайты, сілтемесі: <https://sportrbc.ru/news/619e7ef69a79473c85e30e92>

20. 19 PORTUGOAL.net, link: <https://portugoyal.net/portuguese-abroad/2348-europa-league-rui-ventura-defeats-spalletti-again-as-handshake-drama-takes-new-turn-video>

21. 20 Спорт трбк сайты, сілтемесі: <https://sportrbc.ru/news/619e7ef69a79473c85e30e92>

ӘОЖ 16.21.21

## **ДЖОНАТАН УОЛФТЫҢ “САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫНА КІРІСПЕ” КІТАБЫНДАҒЫ САЯСИ КЛИШЕЛЕРДІҢ АУДАРМАСЫ**

**Шангереева Сәуле Адалбиқызы**

[sshangereeva@gmail.com](mailto:sshangereeva@gmail.com)

Евразия Ұлттық университетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г. Муратова

Соңғы уақытта қоғамдық-саяси басылымдардың ағылшын тілінен орыс тіліне аудармалары бұрын-соңды болмаған ауқымға ие болды. Біздің ойымызша, бұл, ең алдымен, бүкіл әлемде, атап айтқанда Қазақстан, Ресей мен АҚШ - та болып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық оқиғаларға байланысты. Саяси мазмұнға ие кітап авторлары болып жатқан қоғамдық-саяси құбылыстарды тілдің түрлі құралдарын пайдалана отырып, ерекше нақышпен сипаттауға тырысады, бұл, әрине, қоғамдық - саяси тақырыптағы мәтіндерге жарықтық, бейнелік, тартымдылық береді, бірақ аудармашыдан аударма қызметінің белгілі бір дағдыларын, білімі мен тәжірибесін талап етеді. Саяси ақпарат нақты болуы керек, әйтпесе оның өзектілігі мен қажеттілігі жоғалады. Әсіресе бұл қажеттілік саяси клишелерді аударғанда танылады. Публицистикалық стильдегі мәтін клишелерінің адекватты аудармасын жүзеге асыру аудармашы үшін бірден бір мәселелер қатарына кіреді. Клишелердің сөзбе-сөз аудармасы әдетте мүмкін емес, өйткені клишелер біріңғай болып табылады және оларды біртұтас лексикалық бірлік ретінде қарастыру керек. Сол себептен, аудармашы түпнұсқа мәтіндегі клишелерді оңай тани білуі керек және аударма тілінде қандай балама сөздер қолданылатынын білуі керек. Публицистикалық мәтіндердегі клише аудармасының ерекшеліктерін талдау үшін біз кітапты Джонатан Уолфтың "Саясат философиясына кіріспе" кітабын алдық. Алғаш рет қазақ тіліне аударылып отырған бұл кітап мазмұнында адамзатты бұрыннан толғандырып келе жатқан және қазіргі кезде әлі де өзектілігін жоғалтпаған табиғи күй, мемлекет, демократия, еркіндік, меншік сияқты саяси ғылымдардың зерттеу аясын айқындайтын ұғымдарға қатысты сұрақтар қарастырылады. Кітапта осы сұрақтарға жауап іздеген Платон және Аристотель сияқты ежелгі грек философтары мен Гоббс, Локк, Руссо, Бентам, Юм, Милль, Ролз және Нозик сияқты қазіргі заман ойшылдарының көзқарастары мен тұжырымдары талданады [1,46]. Бұндай ауқымды тақырыптарды қамтитын бұл еңбекте саяси клишелердің саны көп әрі мәні жағынан сан алуан.

Қоғамдық-саяси мазмұндағы мәтіндерді аударуға қатысты ең тән құбылыстардың бірі ол - саяси клишелер аудармасы болып табылады. Зерттеу барысында Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кіріспе» кітабының қазақша аудармасы негізіндегі саяси клишелерге сәйкес эквиваленттердің негізгі үлгілеріне тоқтадық.

Түпнұсқа: а) The fundamental Law of Nature tells us it is rational to seek peace. [1, 15 б].

б) So the collectively rational thing to do is leave most, if not all, of the trees standing. [1, 16б].

Қазақша аудармасы: а) Табиғаттың негізгі заңында бейбітшілікке ұмтылыс рационал болып саналады. [1, 23 б].

ә) Сондықтан ағаштардың барлығын болмаса да, басым бөлігін кеспей, сақтап қалу ұжымдық рационал шешім болып саналады. [1, 24 б].